



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

САПА БОЙЫНША САЯСАТЫ

Миссиясы: Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай түркі әлемінде алдыңғы қатарлы, білікті және жаңашыл тұлғаларды тәрбиелейтін университет болу.

Стратегиялық Мұраты: Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы негізінде әлемдік деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет.

Қожа Ахмет Ясауидің зияткерлік және мәдени мұрасынан шабыт алып, ой бостандығы мен әмбебап академиялық принциптерді сақтай отырып, университет түркі әлемінің жастарына бәсекеге қабілетті білім беріп, түркітілдес елдердің ынтымақтастығына ықпал ете отырып, сапалы мамандар даярлайды.

Ахмет Ясауи университеті – 2020 жылы ерекше мәртебе берілген жоғары оқу орны.

Ахмет Ясауи университетінің стратегиялық бағыты жаһандық, ұлттық және өңірлік деңгейлерге бағытталған:

- Түркі әлемі елдерінің орнықты дамуы үшін әлемдік деңгейдегі университетті білім, әзірлемелер мен адами капиталды қалыптастырудың жаһандық орталығы ретінде дамыту;
- Қазақстанның озыңқы дамуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық мақсаттарды іске асырудың негізгі бағыттары бойынша серпіліске қол жеткізу;
- Өңірдің және елдің жедел әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған университеттің "үшінші миссиясын" іске асыру үшін ресурстар мен құзыреттерді интеграциялау.

Ахмет Ясауи университетінде сапаны қамтамасыз етуде төрт стратегиялық бағыт белгіленген:

- I. Тұрақты институционалдық даму.
- II. Академиялық үстемдікке қол жеткізу.
- III. Ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру.
- IV. Клиникалық диагностикалық орталықты дамыту.

Сапа саласында қойылған міндеттерді шешу үшін ЖОО мынадай басымдықтарды айқындады:

- сапа саласында нақты, өлшенетін мақсаттарды белгілеу;
- ЖОО-ны басқарудағы процестік тәсіл;
- барлық процестерді қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерін нақты реттеу;
- барлық персоналды ЖОО қызметінің сапасын үздіксіз арттыруға тарту үшін жағдайлар жасау;
- отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және тәжірибеде қолдану;
- осы саясатты университеттің әрбір қызметкеріне жеткізу.

Ахмет Ясауи университеті ISO 9001-2015 халықаралық сапа стандарты, білім беру стандарттары, және жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы (ESG) шеңберінде мәлімделген Сапа саясатына қол жеткізу бойынша корпоративтік жауапкершілікті өз міндетіне алады.

Ахмет Ясауи университетінің сапа саласындағы саясаты 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасында баяндалған университет Стратегиясының ажырамас элементі және оның қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады.

Ректор
Ж. Темірбекова

Ректор өкілі, доктор, профессор
Пейами Баттал

Басылым № 01 данасы.
№6 Сенат мәжілісінің 3.2 шешімі, «31» қаңтар 2024 жыл

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 05
« 19 » 03 2024 ж.